

"Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Жер ресурстарын басқару комитетінің ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2016 жылғы 26 мамырдағы № 236 бұйрығына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2021 жылғы 17 қыркүйектегі № 275 бұйрығы.

БҰЙЫРАМЫН:

1. "Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Жер ресурстарын басқару комитетінің ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2016 жылғы 26 мамырдағы № 236 бұйрығына мынадай өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Жер ресурстарын басқару комитеті туралы Ережеде:

7-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"7. Комитеттің құрылымы мен штаттық саны қолданыстағы заңнамаға сәйкес бекітіледі.";

24-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"24. Комитет төрағасы Министрлік басшылығына Комитеттің құрылымы мен штат саны бойынша ұсыныстар енгізеді.";

25-тармақта:

мынадай мазмұндағы 1-1) тармақшамен толықтырылсын:

"1-1) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген жағдайларда Министрліктің аппарат басшысына Комитет төрағасының орынбасарлары лауазымына тағайындау туралы ұсыныстар енгізеді;"

9) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"9) Комитет төрағасының орынбасарларын қоспағанда, Комитет қызметкерлерінің, ведомстволық бағынысты ұйымдардың басшылары мен олардың орынбасарларының тәртіптік жауапкершілігі мәселелерін шешеді;"

11) және 12) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

"11) Комитеттің бюджеттік өтінімінің дайындалуын, Республикалық бюджет комиссиясының қарауына енгізуі үшін Министрліктің басшысына ұсынылатын бюджеттік өтінімнің Министрліктің аппарат басшысына ұсынылуын, сондай-ақ бюджет процесінің өзге де рәсімдерінің орындалуын қамтамасыз етеді;

12) Комитеттің қаржыландыру жоспарының әзірленуін қамтамасыз етеді және Министрліктің аппарат басшысына бекітуге енгізеді;"

15) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"15) ведомстволық бағынысты ұйымдардың басшылары мен олардың орынбасарларын жұмысқа қабылдайды және босатады, сондай-ақ ведомстволық бағынысты ұйымдардың басшылары мен орынбасарларының, бас (аға) бухгалтердің жалақы мөлшерлерін, оларға сыйлықақы мен өзге де сыйақы беру жүйелерін бекітеді;"

2. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Жер ресурстарын басқару комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың электрондық көшірмесінің Қазақстан Республикасы Нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін "Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберілуін;

2) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің интернет-ресурсына орналастырылуын;

3) осы бұйрықты іске асыру үшін қажетті шаралардың қабылдануын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының
Ауыл шаруашылығы министрі*

Е. Қарашөкеев